

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ**

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТИ
ҚОРШАҒАН ОРТАДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27. 12. 2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Г.Б. Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т. Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ә.Әбдімұтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т. Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – К.Калмахан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

Күн тәртібі:

1. Академиялық ұтқырлық бойынша мүмкіншіліктерді талдау
2. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын өзірлеу
3. ББ - ларды ішкі аудиттен өткізу
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Академиялық ұтқырлық бойынша мүмкіншіліктерді талдау, бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын өзірлеу, ББ - ларды ішкі аудиттен өткізу, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау жұмыстарын қарастау.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімұтәліп алды: Ұтқырлықтың негізгі мақсаты-студентке оқытудың таңдалған бағыты бойынша білім алуға мүмкіндік беру, оған жетекші ғылыми мектептер құрылатын танылған білім орталықтарына қол жеткізуіді камтамасыз ету, студенттің мәдениеттің әртүрлі салаларында білімін дамыту. Айта кету керек, сыртқы академиялық ұтқырлық, ең алдымен, дәстүрлі шетелдік тағылымдамалардан ерекшеленеді, өйткені студенттер шектеулі, бірақ ұзақ уақытқа - семестрден оку жылына дейін шетелге білім алуға барады. Тағылымдама барысында олар толыққанды оқиды, жеке пәндер мен тілді ғана емес, сонымен қатар негізгі жоғары білім беру мекемесіне оралғаннан кейін оқитын толық жылдық немесе семестрлік курстан өтеді. ХҚТУ-де Академиялық ұтқырлық мүмкіншіліктері УЕ-ХҚТУ-014-2023 Мәулана алмасу бағдарламасы туралы ереже негізінде де іске асырылуы мүмкін. Бұл бағдарлама бойынша бакалавриат деңгейінде 1-3 курс, ал магистратура деңгейінде 1 курс білімгерлері арасында ұйымдастырылады.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т. Мейірбеков: Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын өзірлеу бойынша. Бағдарламаның стратегиясы белгіленген құзыреттілік моделін қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ жұмыс берушілердің ықтимал шеңберін кенейтуге бағытталған. Негізгі мақсаты-енбек нарығында сұраныска ие, коршаган орта обьектілерінің мониторингі саласында практикалық зерттеулер жүргізуге және биосфераның ластану дәрежесін айқындауға, кәсіби дағыларды жетілдіру арқылы ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер қабылдауға жоғары қабілетті мамандарды даярлау. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы – негізі экологиялық сауаттылық компоненті ретінде жүйелі ойлауға бағытталған, сондай-ақ жұртшылықты экологиялық білімге көшуге және


жеке мінез-құлышты өзгертуге назар аударудан шыгуға, экологиялық білім беру мен оқытудың тұжырымдамалық моделін ұсынуға, экологиялық білімді табиғи ресурстарды басқарудың иерархиялық экологиясын, экологиялық саясатты және жергілікті әлеуметтік-экологиялық жүйенің басқа да элементтерін сипаттайтын тұжырымдамалық үлгілерге біріктіруге шақырады.

АК мүшесі, академиялық персонал Сарбаева Қ.Т.: Аккредиттеуден өтетін 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оку бағдарламаларын ішкі аудиттен өткізу мәселесі бойынша: Жұмыс берушілерден, атап айтқанда, «ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті» басшысы Канат Калмахан, «Табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ басшысы Абдуәлиев Қайрат Аманкелдіұлы, «Каратай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ директоры Ниязов Аскар Камбаровичтen сауалнамалар алынып, 2023-2024 оку жылындағы ББ мақсаты қайта қаралып, оқыту нәтижелеріне сәйкес күзыреттердің қол жетімділігі талқыланды.

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: Академиялық ұтқырлық бойынша мүмкіншіліктер талдансын, бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарлары қайта қаралсын, ББ - ларды ішкі аудиттен өткізіліп, сауалнамалар алынын, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талдансын.

Мәжіліс төрағасы:


Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:


Н.Ә.Әбдімүтәліп